

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 ж. 27 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Е. Л. Тоғжановқа

#### ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

#### Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Денсаулық сақтау министрілігі қоғаммен бірлесіп медицина қызметкерлеріне санаттары үшін ақы төлеу жөнінде келісім жасады. Дұрыс ынталандыру шарасы.

Дегенмен, келісім жасалғанымен санаттарға төлеу мәселесі шешілген жоқ. Өз кезінде, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мен медициналық мекемелер арасында жыл басында келісім-шарт жасалады. Бірақ, жаңа тарифтер тек сәуірде жетеді.

Осының нәтижесінде кейбір медицина ұжымдары артық қызмет жасаса, ол өтелмейді. Бұл медициналық мекеменің басым көпшілігіне үлкен зиян әкеледі.

Президент Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев медицина саласының қызметкерлеріне жалақыны 30% арттыру жөнінде тапсырма берді.

Бірақ тариф қайшылығына байланысты бұл тапсырма толық орындалмай отыр. Өйткені, барлық ауыртпалық медицина мекемесіне жүктелген. Мекеменің өзін дамытуға аз қаражат қалады.

Қазіргі таңда бұл медицина саласының өзекті мәселесі болып табылады.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, бұл әрбір медицина қызметкерлерінің өмірлік дәрежесіне әсер ететін мәселе. Сондықтан, «АМАНАТ» фракциясы:

- тарифтерді жылдың басында бекіту;
- медицина мекемесіне жалпы жасалған қызметіне қарай төлеу;

- медицина қызметкерлеріне санаттары үшін ақы төлеу мәселелерін жедел шешу керек деп есептейді.

«Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы Фракция мүшелері**

**Г.Нұрымова  
З.Камасова  
Ж.Телпекбаева  
М.Төлепберген  
Б.Сартбаев  
Ф. Қаратаев  
Н.Раззақ  
Н. Ожаев**